

*Академияның Ғылыми
кеңесінің 2023 жылғы 29
наурыздағы (№ 13 хаттама)
шешімімен бекітілген*

**«7M03111 – Халықаралық қатынастар»
магистратура білім беру бағдарламасы**

1. Бағдарламаның атауы: «7M03111 – Халықаралық қатынастар» магистратура білім беру бағдарламасы (даярлау бағыты «7M031 – Әлеуметтік ғылымдар»).

2. Оқу мерзімі: 2 жыл

3. Барлық кредиттер (ECTS): 120

4. Бағдарламаның сипаттамасы:

Білім беру бағдарламасы (*бұдан әрі – Бағдарлама*) халықаралық қатынастар және дипломатия саласындағы мамандарға қойылатын талаптарды ескере отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі қызметінің ерекшелігін ескере отырып әзірленді.

Бағдарлама мемлекеттің сыртқы саясатының басымдықтарын айқындайтын стратегиялық құжаттарға – Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясына және Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына негізделеді.

Қазіргі жағдайда Қазақстанның дипломатиялық қызметі ағымдағы геосаяси және геοэкономикалық ахуалға сай, көптеген жаңа сын-тегеуріндер мен мүмкіндіктерге тап болуда. Оларға дұрыс әрі уақытылы ден қою үшін қазақстандық дипломатиялық корпус пен сыртқы тректе жұмыс істейтін басқа да мемлекеттік қызметшілер халықаралық қатынастардың түрлі салалары бойынша көптеген жан-жақты білім-дағдыларға ие болуы тиіс.

Осыған байланысты, Бағдарлама Қазақстанның сыртқы саясаты, дипломатиялық этикет және протокол, экономикалық дипломатия, жария дипломатия, сыртқы саяси талдау, конфликтология, геосаясат пен геοэкономика, келіссөздер технологиясы, аймақтану салаларына қатысты талап етілетін құзыреттерді оқытуға бағытталған.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: Қазақстан Республикасының сыртқы саяси маңызды міндеттерін шешу және халықаралық аренада ұлттық мүдделерді қорғау үшін халықаралық кәсіпқой мамандарды даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- Қазақстанның сыртқы саяси және сыртқы экономикалық күн тәртібін жүзеге асыру бойынша тиімді жұмыс істеу үшін кәсіби құзыреттерді дамыту;
- ағымдағы халықаралық процестер, сондай-ақ Қазақстанның өңірлік және халықаралық саясаттағы рөлі мен орны туралы терең және жан-жақты түсінік беру.

6. Бағдарламаның артықшылықтары:

- қазіргі заманғы оқыту әдістемелерін қолдана отырып, мамандардың кәсіби даярлық деңгейін арттыру үшін мамандық бойынша практикаға бағдарланған пәндер;
- оқытушылар – тәжірибелі мамандар мен практиктер, оның ішінде жұмыс істеп жүрген және отставкадағы дипломаттар (*Төтеніше және Өкілетті Елшілер, ерекше тапсырмалар жөніндегі елшілер, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, халықаралық ұйымдар мен аналитикалық орталықтардың қызметкерлері*);
- халықаралық форумдар мен конференцияларға қатысу, елшілермен және шетелдік дипломатиялық миссиялардың басшыларымен тұрақты кездесулер;

- пәндерді үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқыту.

Бағдарламаны іске асыру бойынша әріптес Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі болып табылады.

7. Оқытудан күтілетін нәтижелер:

Құзыреттерді қалыптастыру/дамыту:

Тиімді коммуникациялар құру – өз қызметін әріптестерімен үйлестіре біледі, қарым-қатынасқа ашық, іскерлік ынтымақтастыққа дайын, қажет болған жағдайда әріптестеріне көмектеседі, жанжалдарды ортақ іс үшін пайдалы шешуді біледі, сондай-ақ өз көзқарасын дәлелмен жеткізеді және әріптестерінің пікірін ескереді, топпен/командамен/мүдделі тараптармен тиімді жұмыс жасайды.

Этикалық нормалар мен қағидаттарды ұстану – әдеп кодексіне сәйкес кез келген жағдайда этикалық мінез-құлық ережелерін қатаң сақтайды, парасаттылық, адалдық, ізгі ниет, әріптестер мен мүдделі тараптарды құрметтеу қағидаттарын ұстанады, стресстік жағдайда ұстамды болып, шешімдерді іздестіріп, таба алады.

Өзгерістерді басқару – ұйымдағы өзгерістерге оң көзқараспен қарайды, өзгерген жағдайға сәйкес өз әрекеттерінің тактикасын бейімдейді, сәтсіздіктің себептерін талдайды және тәсілдерді немесе стратегияны өзгертеді, қызметкерлердің бастамаларын қолдайды және ынталандырады.

Нәтижеге бағдарлау – күрделі мақсаттар қояды және оларға қол жеткізеді, тапсырмаларды орындау үшін қосымша күш-жігер жұмсайды, нәтижеге қолжеткізу үшін өзіне жауапкершілік алады.

Дербестік және шешім қабылдау дағдылары – мүмкіндіктерді, тәуекелдерді талдай алады, сондай-ақ ресурстарды есептей және жоспарлай алады, белгісіздік жағдайында тиімді әрекет ете алады, ықтимал тәуекелдерді ескере отырып, міндеттерді шешудің бірнеше нұсқасын ұсынады.

Ынтымақтастық – ұжымның жұмысына үлесін қосады және қажет болған жағдайда мағлұмат алу үшін неғұрлым тәжірибелі әріптестеріне жүгінеді, әріптестерімен және мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен өзара іс-қимылды дамытады, пікір алмасады және талқылай отырып, міндеттерді орындайды.

Тиімділік – жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар енгізеді, оларды енгізудің жаңа әдістері мен тәсілдерін зерттейді, өзгермелі жағдайларға тез бейімделеді.

Өзін-өзі дамыту – жаңа білім мен технологияларға қызығушылық танытады, өзін-өзі дамытуға ұмтылады, жаңа ақпарат пен оны қолдану тәсілдерін іздестіреді, оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа дағдыларды іс жүзінде қолданады.

Оқыту әдістері, формалары, технологиялары: пікірталастар және талқылау, ситуациялық тапсырмалар, топтық жұмыс, кейс-стади, тақырыптық зерттеулер, дебаттар, семинарлар, қонақтар дәрістері, көшпелі сабақтар.

7. Бағдарламаның құрылымы және академиялық контент:

Семестр	Пәннің атауы	ECTS
1	Кәсіби ағылшын тілі	3
	Дипломаттарға арналған француз тілі	3
	Әлемдік дипломатия	3
	Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты	3
	Зерттеу әдістері мен дизайны	3
	Азиялық қауіпсіздіктің заманауи архитектурасы	2
	Халықаралық қатынастар теориясы	3
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>	<i>20</i>

	<i>Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)</i>	10
1-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		30
2	Кәсіби ағылшын тілі	3
	Дипломаттарға арналған француз тілі	2
	Ресми жазылым және дискурс	2
	Қазақстан Республикасы сыртқы саясатындағы халықаралық қауіпсіздік және қару-жарақты бақылау мәселелері	3
	Келіссөздер процесінің технологиялары	3
	Қазақстан Республикасының дипломатиялық және консулдық қызметі	3
	Геосаясат және геостратегия	3
	Таңдау бойынша компонент	2
	<i>Өндірістік практика</i>	4
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>	25
	<i>МЭЗЖ</i>	5
2-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		30
3	Кәсіби ағылшын тілі	3
	Дипломаттарға арналған француз тілі	3
	Халықаралық құқық және көпжақты дипломатия	3
	Ресми жазылым және дискурс	3
	Дипломатиялық протокол және этикет	3
	Таңдау бойынша компонент	9
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>	24
	<i>Тағылымдама</i>	2
	<i>МЭЗЖ</i>	4
3-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		30
4	Орталық Азия аймағының саясаты мен қауіпсіздігі	4
	Экономикалық дипломатия	3
	Таңдау бойынша компонент	8
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>	15
	<i>МЭЗЖ</i>	7
	<i>Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны рәсімдеу және</i>	8
1-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		30
Теориялық оқу қорытындысы + практика		84
Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)		8
МЭЗЖ + тағылымдама		28
МІНДЕТТІ ИГЕРУГЕ ҚАЖЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ		120